



AMANZHOLOV
UNIVERSITY

Білім мен зияткерлік ресурстарды басқару

к.п.н., қауымдастырылған профессор Сахариева С.Г.

«Білім мен зияткерлік ресурстарды басқару» курсының мақсаты – жұмыс өтілі 1-2 жылды құрайтын педагогтердің қазіргі заманғы білім беру ұйымында білім мен зияткерлік ресурстарды басқарудың негізгі құралдары мен әдістерін тәжірибелік тұрғыда меңгеруіне жағдай жасау.



Курстың міндеттері:

1. Білімді басқару жүйесінде қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминологиялық аппаратпен таныстыру;
2. Білімді басқару және зияткерлік ресурстарды (ЗР) басқару саласындағы заманауи үрдістер мен өзекті мәселелер туралы түсінік қалыптастыру;
3. Білім беру ұйымында білімді басқарудың заманауи тәсілдерін меңгеруді қамтамасыз ету;
4. Қазіргі ұйымдардағы білім мен зияткерлік ресурстарды басқарудың қағидалары, әдістері және технологиялары туралы түсінік қалыптастыру;
5. Ұйымдағы білімді басқару бойынша өзекті міндеттерді қою және оларды практикалық тұрғыдан шешу үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру;
6. Білімді басқару процесінде педагогтың қызметін реттейтін этикалық нормалар мен ережелерді түсініп, оларды тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту.



Курстың негізгі мазмұны:

1-тақырып. «Білім мен зияткерлік ресурстарды басқару» курсының мақсаты мен міндеттері. Білім экономикасы.

2-тақырып. Білім түрлері. Білім инженериясы.

3-тақырып. Білімді басқару жүйесі.

4-тақырып. Білім спиралі.

5-тақырып. Білімді басқарудың жаңа ұйымдастырушылық формалары.

6-тақырып. Әлеуметтік желілер және білім.

7-тақырып. Білімді басқарудағы коммуникативтік ресурс.

8-тақырып. Корпоративтік мәдениет және шығармашылық процестерді басқару.

9-тақырып. Білімді басқару стратегиясы.

10-тақырып. Білім мәдениеті.

11-тақырып. Білімді алу және бөлісу: психологиялық аспект.

12-тақырып. Зияткерлік кәсіпкерлік.

Курсты меңгеру нәтижесінде интерн:

Білуі керек:

- Қазіргі заманғы ұйымдарда қолданылатын білім мен адами ресурстарды басқарудың негізгі технологияларын;
- Әлеуметтік жүйелер мен әлеуметтік өзара әрекеттесу теориясының негізгі қағидаларын.

Істей алуы керек:

- Ғылымдардың пәнаралық жүйелік байланыстарын пайдалану, негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық жаратылыстану-ғылыми және әлеуметтік мәселелерді бөліп алып, оларды тұрақты даму жоспарын жасау мақсатында шешу;
- Әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу барысында философиялық мәселелерді талдау және бағалау.

Меңгеруі керек:

- Адами ресурстарды басқару технологияларын талдау және әзірлеу дағдыларын;
- Жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше игеріп, оларды тәжірибеде қолдану қабілетін.



AMANZHOLOV
UNIVERSITY

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!! 😊👋